



ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ
ТҰҢҒЫШ ПРЕЗИДЕНТІ - ЕЛБАСЫНЫҢ ҚОРЫ

«ҒЫЛЫМ ЖӘНЕ БІЛІМ – 2017»

студенттер мен жас ғалымдардың
XII Халықаралық ғылыми конференциясының
БАЯНДАМАЛАР ЖИНАҒЫ

СБОРНИК МАТЕРИАЛОВ

XII Международной научной конференции
студентов и молодых ученых
«НАУКА И ОБРАЗОВАНИЕ – 2017»

PROCEEDINGS

of the XII International Scientific Conference
for students and young scholars
«SCIENCE AND EDUCATION - 2017»



14th April 2017, Astana



**ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ БІЛІМ ЖӘНЕ ҒЫЛЫМ МИНИСТРЛІГІ
Л.Н. ГУМИЛЕВ АТЫНДАҒЫ ЕУРАЗИЯ ҰЛТТЫҚ УНИВЕРСИТЕТІ**

**«Ғылым және білім - 2017»
студенттер мен жас ғалымдардың
XII Халықаралық ғылыми конференциясының
БАЯНДАМАЛАР ЖИНАҒЫ**

**СБОРНИК МАТЕРИАЛОВ
XII Международной научной конференции
студентов и молодых ученых
«Наука и образование - 2017»**

**PROCEEDINGS
of the XII International Scientific Conference
for students and young scholars
«Science and education - 2017»**

2017 жыл 14 сәуір

Астана

УДК 378

ББК 74.58

Ғ 96

Ғ 96

«Ғылым және білім – 2017» студенттер мен жас ғалымдардың XII Халықаралық ғылыми конференциясы = The XII International Scientific Conference for students and young scholars «Science and education - 2017» = XII Международная научная конференция студентов и молодых ученых «Наука и образование - 2017». – Астана: <http://www.eni.kz/ru/nauka/nauka-i-obrazovanie/>, 2017. – 7466 стр. (қазақша, орысша, ағылшынша).

ISBN 978-9965-31-827-6

Жинаққа студенттердің, магистранттардың, докторанттардың және жас ғалымдардың жаратылыстану-техникалық және гуманитарлық ғылымдардың өзекті мәселелері бойынша баяндамалары енгізілген.

The proceedings are the papers of students, undergraduates, doctoral students and young researchers on topical issues of natural and technical sciences and humanities.

В сборник вошли доклады студентов, магистрантов, докторантов и молодых ученых по актуальным вопросам естественно-технических и гуманитарных наук.

УДК 378

ББК 74.58

ISBN 978-9965-31-827-6

©Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия
ұлттық университеті, 2017

Кейде қайталама қос сөздердің бірнешеуін қатар пайдаланып, оқиғаны күшейтіп, әсерлеп көрсетеді. Ойды образды, нақты, нанымды етіп көрсету үшін, қос сөздерді бейнелеу тәсілінің бірі етіп алған. Қос сөздердің жеке синонимдес етістіктерден лексикалық айырмашылығы жоқ болғанмен, стильдік айырмашылығы бар.

Бір сөздің қайталануы арқылы жасалатын күрделі етістіктер құбылыстың, қимылдың әр түрлі қарым-қатынасында болатын көбею, еселеу, күшейту, саралау, бөліну, топталу сияқты қимылды, жай-күйлерді я көбейтіп топ-тобымен, я бөліп жік-жігімен, я әсерлеп, саралап сала-саласымен атап анықтайтын форма ретінде қызмет етеді.

Қолданылған әдебиеттер тізімі:

1. Бабалар сөзі: Жүз томдық.- Астана: «Фолиант», 2007. Т.43: Батырлар жыры.- 2007.- 416 б.
2. Кайдаров А.Т. Особенности стилистического употребления синонимичных и вариантных фразеологизмов в уйгурском литературном языке.- Алма-Ата, 1969.- С. 157
3. Кайдаров А.Т. Парные слова в современном уйгурском языке.- Алма-Ата, 1958.- С. 215
4. Османова А. Синонимдес етістіктердің семантика-стилистикалық қызметі.- Алматы: Ғылым, 1991.- 128 б.
5. Маманов Ы. Қазақ тілі білімінің мәселелері.- Алматы: Арыс, 2007.- 482 бет.
6. Салқынбай А. Қазақ тілі сөзжасамы.- Алматы: Қазақ университеті, 2007.- 190 бет.
7. Оралбай Н. Қазіргі қазақ тілінің морфологиясы.- Алматы: 2007.-390 бет.
8. Жұбанов А. Қолданбалы тіл білімінің мәселелері.- Алматы: Арыс, 2008.- 640 бет.

ӘОЖ 82-131

«МҰҢЛЫҚ-ЗАРЛЫҚ» ЖЫРЫНДАҒЫ ТИПОЛОГИЯЛЫҚ САРЫНДАР

Намен Қымбат Әбдіғаппарқызы

Л.Н.Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университеті
филология факультеті «5В011700»-қазақ тілі мен әдебиеті
мамандығының студенті, Астана, Қазақстан
Ғылыми жетекші: Б.Қорғанбеков

Фольклортануда типология мәселесіне көп көңіл бөлініп, терең зерттеліп келеді. Фольклордың типологиясы бірде тарихи-мәдени байланыс аспектісі бойынша, бірде тарихи туыстық сипат ретінде қарастырылуда. Сондай-ақ бұл мәселеге тарихи-салыстырмалы әдіс тұрғысынан баса назар аударылуда [1,406]. Және де типология мәселесі қазіргі таңда «интермәтін», «метамәтін» ұғымдарымен астастырыла тексерілуде. Яғни, кез келген мәтін басқа мәтіндермен белгілі бір байланыста болады. Ол байланыс: сюжеттік, жанрлық, көркемдік, образдық ұқсастықтардың деңгейінде көрініс беруі мүмкін. Әлемдік фольклордағы ұқсастықтар көптеген ғалымдардың назарын аударды. Соның ішінде кеңестік кезеңнің ғалымы В.Я.Пропты ерекше атауға болады. Ол «Морфология сказки», «Исторические корни волшебной сказки» атты танымал еңбектерінде әлемдік ауыз әдебиет үлгілерінің (соның ішінде ертегілердің) типологиясына жіті тоқталып, түрлі ұқсастықтар мысалында олардың типологиялық себептерін анықтап, тарихи және этнографиялық негіздеріне тоқталған. Бұл ұқсастықтардың барлығы тек қана туыстық негізде немесе бір-бірінен алынған дегенге сыя бермейді. Фольклордың типологиясы – түрлі халықтардың наным-сеніміне, дүниетанымына да тікелей байланысты құбылыс.

Фольклорлық ескерткіштердің өзара үндестік, жақындығын белгілеудің шарттары мен заңдылықтары да анықталған. Ауыз әдебиеті шығармаларының түбірлестігі мен туыстығы түрлі жағдайлар мен факторлар жиынтығынан құралатыны кәміл. Сондай себептер мен сипаттарды ескере келіп, фольклортану ғылымы үш түрлі ұқсастық типін ерекше бөліп

қарайды. Біріншіден, халықтардың тарихи туыстығына, тектестігіне байланысты көрінетін тарихи-генетикалық ұқсастық. Бұл топқа қазақ, ноғай, қарақалпақ, башқұрт, т.б. халықтар эпосынан да, өзге жанрларынан да мол мысал келтіруге болады. Көптеген ежелгі рулардың немесе бірлестіктердің әр заманда осы аталған халықтар құрамына енуі көне эпикалық сарындардың белгілі дәрежеде жалғасып, дамып отыруының маңызды себебі деуге болады.

Екіншіден, ел мен елдің тарихи-мәдени қарым-қатынас арқылы тарайтын ұқсас, үндес сюжеттер. Қазақ фольклорында, соның ішінде эпоста бұл саладағы туындылар да жиі кездесетіндігі белгілі. Бұған шығыс сюжетіне негізделген, көршілес Орта Азия халықтары тарапынан ауысқан романдық эпос үлгілерін мысалға келтірсек те жеткілікті. Үшіншіден, халықтардың шаруашылық кәсібінің, қоғамдық дамуының біркелкі болып келуінен туындайтын тарихи-типологиялық сарындастық. Бұл ретте ертеде көшпенді өмір кешкен халықтардың салт-санасы мен мәдени даму дәрежесінің орайластығына сәйкес жасалған мұраларды еске түсіруге болады [1,435]. Фольклорлық типологияның бұл үш түрі жекелеген шығармалардан қатар орын ала беруі мүмкін. Соның жарқын мысалын біз «Мұңлық-Зарлық» жырынан да көреміз.

«Мұңлық-Зарлық» жыры – көнеден келе жатқан, типологиялық сарындарға өте бай жыр. Бұл туынды өзінің полистадиялық сипатымен де, тарихилығымен де, «ортақ тұстарымен» де өзін нақты бір эпикалық жанрға жатқызуға қиындық туғызып келеді. Сондықтан да зерттеуші-ғалымдардың біразы аталмыш шығарманы түрлі жанрға жатқызуын осы тұрғыда қарауға болады. Бірақ бұл мәселе өз алдына бөлек әңгіменің арқауы болуға тиісті. Біздің бұл мақаламызда қарастыратынымыз – оның типологиялық аспектісі. «Мұңлық-Зарлықтағы» типология жайы бұрын-соңды сөз болған жоқ дей алмаймыз. Оны біршама қарастырған ғалымдар бар. Бұл қатарда С.Қасқабасовтың «Жаназық» атты зерттеуін айрықша бөліп айтуға болады.

С.Қасқабасов «Мұңлық-Зарлықтан» орын алған эпос сюжеттерінің жалпы схемасын атап көрсетеді. Олар:

«1. Перзентсіз ата-ана, олардың хал-жағдайы.

2. Кейіпкердің керемет болып тууы:

А. Тотем-бабаның баласы;

Ә. Аталар аруағының жебеуі;

Б. Мұсылман әулие-әнбиелерінің көмегі;

В. Баланың төтенше жағдайда туу (мысалы, әкесім үйде жоқта тууы) және т.б. [1, 411]. Осындағы «перзентсіз ата-ана», «кейіпкердің керемет болып тууы» сюжеттері қазақ қаһармандық эпостарының барлығында дерлік кездеседі. Мысалы, «Қобыланды батыр» жырын алып қарайық:

«Сексенге жасы келгенше
Бір бала көрмей Тоқтарбай,
Қайғыменен қан жұтып,
Ақылынан адасқан:
Шал емес сұңқар қияқсыз,
Еш нәрсе көрмей дүниеден
Өткенім, – деп, – тұяқсыз -
Тоқтарбайдың зарына
Қалың Қыпшақ қайысқан.
Әулие қоймай қыдырып,
Етегін шеңгел сыдырып,
Жеті пірге танысқан.
Әулиеге ат айтып,
Қорасанға қой айтып,
Қабыл болған тілегі,
Жарылғандай жүрегі,
Аналықтай бәйбіше

Қабырғасы майысқан.
Елуге жасы келгенде,
Көзім ашпай дүниеден
Өтемін бе дегенде,
Сонда көрген арыстан,
Бір ұл, бір қыз атадан:
Қыздың аты Қарлығаш,
Қобыландыға қарындас» [2, 20].
Ал «Мұңлық-Зарлық» эпосында:
«Бұрынғы өткен заманда,
Дін мұсылман аманда,
Он сан Ноғай елінде,
Шаншар хан атты ханы бар,
Ғадалатты хан екен,
Қайыры тиген жиһанға.
Бір перзентке зар болып,
Алпыс қатын алыпты,
Кетем бе деп арманда.
Алпыс қатын алса да,
Бір перзент болмай бәрінен,
Қайғылы болды Шаншар хан» [3, 10].

Бұл жырда да, «Мұңлық-Зарлықта» да академик С.Қасқабасов атаған ортақ сарындар айқын көрінген. Тек бұл екеуінде ғана емес, көптеген түрік эпостарындағы сюжеттік сарындардың реті осындай (мысалы, «Алпамыс батыр» жырын алыңыз, т.б.). Біреуі – Шаншар хан, екіншісі Тоқтарбай атты атақты бай. Екеуіне ортақ қайғы – баланың жоқтығы. Бұл – бірінші ұқсастық. Ал екінші ұқсастық олардың бала тілеп әулиелерді аралауы («Б. Мұсылман әулие-әнбиелерінің көмегі»), ал үшінші ұқсастық екі эпостада ғайыптан егіз баланың дүниеге келуі («Мұңлық, Зарлықта»: Мұңлық пен Зарлық, «Қобылнады батырда»: Қобыланды мен Қарлығаш). Олардың қиянат зардабына толы өмірі, эпос соңында жеңіске жетуі сияқты желілер де типологиялық ерекшеліктер болып табылады. Бұдан эпос біткеннің бәрі ұқсас деген көзқарас тумауы керек, ұқсас нәрселер – көне заманда болған сарынтер мен сюжеттер ғана. Ал нақты оқиғалар мен тарихи-этнографиялық факторлар әр жырда әр түрлі, және әр халықтікі басқа екенін де атап өту керек. Кейіпкерлерге қойылған есімдердің де ерекшелігі оқиға желісімен, олардың өмірімен тікелей байланыста болады. Кейіпкердің ерекше жағдайда дүниеге келуі туралы сарынтер өте көп. Мысалы, А.Н.Веселовский көрсеткен сарындар жүйесін көрсете кетейік:

1. Дымнан, судан туу;
2. Жемістен туу;
3. Күн сәулесінен туу,
4. Жұпар иістен туу;
5. Дұғадан туу. т.б. [4, 320].

«Мұңлық-Зарлық» жырындағы ерекше жағдайда туу сарыні А.Н.Веселовский атап көрсеткен «дұғадан тууға» келіңкірейді, бірақ нақты соның өзі емес. Ал біздің эпостардағы баланың дүниеге келуіне қатысты сарынті С.Қасқабасов: «Кейіпкердің ерекше жағдайда тууы сарынінің Орта Азиялықтарға тән бір үлгісі – перзентсіз ата-аналарға мұсылман әулие-әнбиелерінің рақымы», – деп атап көрсетеді [1, 425]. Мысал ретінде ғалым «Әлібек батыр» ертегісін ұсынады: «Үлкен тойда не ұлы, не қызы жоқ байға «қу бассың» деп орын бермейді. Қорланған бай мен кемпір темір таяқ ұстап, темір етік киіп, қайыршы болып, ойлаған мақсаттарына жету үшін жаяу жол тартып, жүріп кетеді. Бірнеше күн, ай жылдар жүдеп-жадап, әулиеден-әулие қоймай сиынады», – деп бастап, бір моланын басына түнейтіні баяндалады. Сонда екі зарлының мұңын тыңдап, бір әулиенің бала беруі сөз болады: «Сонда әулие тұрып: «Мен саған екі қыз, бір ұл берейін. Қолыңды жай, жылама деп батасын береді.

Ұлыңның атын – Әлібек, қыздарыңның атын – Қанікей мен Тотай қой», – дейді де ғайып болады» [5, 35]. Бұл ертегідегі сарын біз нысан етіп отырған эпоста да барын жоғарыда атап өттік. Бұл сарын жайлы В.М.Жирмунский: «В среднеазиатском фольклоре сказочно-мифологический характер сарына чудесного рождения значительно ослаблен по сравнению с алтайским и в особенности монгольским фольклором. Сарын этот обычно оформляется здесь в соответствии с господствовавшими у мусульманских народов Средней Азии религиозными суевериями и бытовой практикой врачевания бесплодия магическими средствами. Родители будущего героя совершают паломничество на могилу почитаемого мусульманского святого «чудотворца» – Али Шахимардана («Алпамыш»), Баба-Тукласа («Шора батыр»), Баба Омара («Сайын батыр»), Олав Хаджи (в узбекском дастане «Ширин и Шакар») ночуют на его мазаре. Обычно во сне им является старец, предвещающий исполнение их заветного желания; в дальнейшем этот старец становится покровителем, чудесным помощником рожденного по его представительству богатыря», – деп көрсетеді [6, 210]. С.Қасқабасовтың көрсетуі бойынша ерекше түрде дүниеге келудің тағы бір түрі – бала дүниеге келгенде әкесінің үйде болмауы, сол негізде кейіпкерлердің басына қауіптің төнуі. Бұл сарын те басқа эпостық жырларда кездескендей, «Мұңлық-Зарлық» эпосында да ұшырасады. Айырмашылық – «Мұңлық-Зарлық» эпосында әкелерінің өз қалауымен аңға кетуі, ал қалған эпостарда бұл кездейсоқ жағдайда болады. Бұл сарын өте көне. Көне болғанда да, матриархат дәуірінде туған. Бірақ ол тотемизммен байланысты емес. Біздің ойымызша, мұнда аналық ру заманының болмысы көрініс тапқан. Әрине, бұл сарын бізге сол бастапқы қалпында емес, өзгерген түрде келіп жеткен. Ежелгі өмір елесі көркем ертегіде эстетикалық қызмет атқарып, көркем сарын ретінде кейіпкерді дәріптеуге себін тигізіп тұр.

«Мұңлық-Зарлықта» кездесетін тағы бір басты типологиялық сарын – екі баланы киіктердің асырап, ер жеткізуі. Кейіпкерлердің жан-жануарлардың асырауында болуы әлем әдебиетінде көптеп кездеседі. Әлемге әйгілі Р.Киплингтің «Маугли» атты атакты романы да осы сарын желісінде жазылғанын білеміз. Бұл негізде белгілі бір мәтіннің басқа мәтіндердің қоршауында тұратыны жайлы қазіргі ғылыми көзқарастарды ескерсек, «Мұңлық-Зарлық» жыры әйгілі «Маугли» шығармасының прецент мәтіні бола алатыны мәлім, бұл – интертекстік көзқарас. Ал енді бұл сарынның басқа фольклорлық шығармалармен ортақтығына тоқталсақ. Эпоста бұл сарын былай суреттеледі:

«Ғайып ерен қырық шілтен
Түсірмей судан алады.
Шөгірлінің тауына,
Адам бармас жеріне
Шілтендер алып барады.
Тастан кеулеп үй қылып,
Пана қылып береді.
Екеуіне бір киік
Ана қылып береді.
Ол киікке баланы
Бала қылып береді.
Құдіреті күшті Құдайым,
Таудан алма жегізіп,
Киікті ана дегізіп,
Киік жүрді үш мезгіл
Баласындай емізіп» [3, 21].

Әлемдік фольклорда адам мен жануарлар арасындағы байланыс сарыны кең таралған. Жануарлардың адамды емізіп асырауы, тәрбиелеуі әлем халықтары фольклорында көптеп кездеседі. Мәселен, Азербайжан ертегісі «Ширзадеде» осы сарын бар. Оның қысқаша сюжеті мынадай: Орманда адасып қалған Селем есімді әйелден бала туады. Ол баланы ұрғашы арыстан алып, емізіп өсіреді. Бала күн санап емес, сағат санап өседі. Алып күш иесіне айналады. Сонымен қатар жан-жануарлардың тілін, біліп олардың ерекшеліктерін үйренеді.

Өз дұшпандарымен айқасып, бәрін жеңіп шығады [7, 123].

Ал «Қасқырдың баласы» («Сын волка») деген авар ертегісінде кейіпкер бай патшалықта дүниеге келеді. Біраз жауыз сиқыршы оны түнекке толы орманға апарып тастайды. Оны қасқыр тауып алып, емізіп өсіреді. Ол өте тез ер жетіп, дұшпандарына төтеп береді [8, 123]. Осы ертегі сюжеті қазақ эпосындағы «мыстан» мен авар ертегісіндегі «жауыз сиқыршының» әрекетінің де ұқсастығын туғызған. Бұл түрлі халықтардағы сенімнің, нанымның туыстығынан туған болса керек. Әйтпесе бір халықтан бір халық алды деуге мүлдем келмейді. Ол – теориялық абсурд болып қалатын еді.

Осетин халықтарының, ингуштердің фольклорінде де осыған ұқсас көптеген сарындарды көруге болады. Мысалы, «Шимира мен Аю» ертегісінде патшаның әйелі орман ішінде жоғалып кетеді. Аяғы ауыр әйел орман ішінде босанып, өзі қаза табады. Баланы аю тауып алып өсіреді [9, 205].

Келесі бір дағыстандық «Гамза-Зауза» ертегісінде кейіпкерлер (аға мен қарындас) қиындыққа тап болады. Тауда жоғалған екі баланы тау ешкі тауып алып асырайды. Ер жеткен соң үйлеріне қайтпак болады. Көптеген сынақтар мен қиындықтардан өтіп, өз патшалықтарына оралады [7, 84]. Мұндай сарындар мен сюжеттерге толы ертегілер өте көп. Барлығы өзара сарындас, оқиғалары сабақтас. Фольклордағы ұқсастық пен сәйкестіктің өзі типологиялық, генетикалық және тарихи-мәдени байланыстылық делініп, негізінде, үш жүйеге бөлінетінін жоғарыда айттық. Мұның алғашқысы неғұрлым кең тараған тұрақты фактор болып есептеледі. Сонымен қатар, туысқан халықтардың, дамуы жағынан түрлі сатыдағы (стадиядағы) жұрттардың, ұзақ уақыт бір-бірімен мәдени қарым-қатынаста болып келген көршілердің фольклорын салыстырып зерттеу де пайдалы. Ал, жалпы алғанда, салыстырмалы-тарихи әдістің жемісті болуы белгілі бір халықтың фольклорлық материалы жеке жанрлар бойынша да, тұтастай да меңгеріліп, сипатталып, жан-жақты көңіл бөлінуіне тікелей байланысты [10, 09]. Сонымен қатар, баланың «туя салып сөйлеуі», «қиындыққа толы ғұмыры», «бақытқа жетуі» сияқты типологиялық сарындардың барлығы дерлік түркі және әлемдік фольклорда көптеп кездесетінін атап өту керек. Бұлар да «Мұңлық-Зарлықтағы» басты сарындар болып есептеледі.

«Мұңлық-Зарлық» жырының типологиялық сарындарға бай болуы, бір жағынан, оның көне туынды болуына қатысты болса, екінші жағынан, мәдениеті, тілі, дәстүрлері әр түрлі халықтар қатар өмір сүріп жатырған аймақта таралуына байланысты деп есептейміз. Демек жырдағы бұл сарындар генетикалық негізде де, тарихи-мәдени байланыстар ықпалымен де пайда болған. Жырда біз тоқталмаған типологиялық сарындар да өте көп. Алайда, оның бәрін талдауды мақала көлемі көтермейтіндіктен, біз оның ең танымалдарына ғана көңіл бөлді.

Қолданылған әдебиеттер тізімі:

1. Қасқабасов С. Жаназық. – Астана: Аударма, 2002. – 584 б.
1. 2. Бабалар сөзі. 38 т.Қобыланды батыр. – Астана: Фоллинат, 2006, – 480 б.
2. Бабалар сөзі. Т.52. Көне эпос. – Астана: Фолиант, 2008.– 350 б.
3. Веселовский А.Н. Историческая поэтика. Ленинград: Художественная литература, 1940. – 646 с.
4. Қазақ ертегілері. 2т. – Алматы: Жазушы, 1995. – 350 б.
5. Жирмунский, В.М. Сказание об Алпамыше и богатырская сказка. –Москва: Вост. лит., 1960. – 331 с.
6. Кривополенова Д. Былины, скоморошины, сказки. Архангельск, 1950.– 460 с.
7. Леонтьев Н.П. Печорский фольклор. – Архангельск, 1939. – 520 с.
8. Песни и сказки Пензенской области. Под ред. Э. В. Померанцевой, — Пенза, 1953. – 460 с.
- а. 10. Қазақ фольклорының типологиясы. Түркістан: Тұран, 2009. – 367 б.